

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 наурыздағы N 343 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 265 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.05.2016 № 265 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 202 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 9, 101-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің құрамына:

Ахметов	- Қазақстан Республикасы
Серік Нығметұлы	Премьер-Министрінің орынбасары;
Марченко	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Григорий Александрович	төрағасы (келісім бойынша) енгізілсін;

мына:

"Шөкеев	- Қазақстан Республикасы
Өмірзақ Естайұлы	Премьер-Министрінің орынбасары,
	жетекшінің орынбасары"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шөкеев	- Қазақстан Республикасы
Өмірзақ Естайұлы	Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,
	жетекшінің орынбасары";

көрсетілген құрамнан Әнуар Ғалимоллаұлы Сәйденов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>